



# "Ой-сана" зияткерлік сайысы



ШЫҒЫС №047  
05.02.2025ж

## Құрметті мектеп басшылығы!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Сапалы білім беру бәсекеге қабілетті, өркениетті ел болудың кепілі. Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы ілім, ғылымның жемісі екендігі сөзсіз» деп атап өтті.

Осы маңызды бағытты қолдап, «Алтын Ұя» ғылым-білімді қолдау орталығы және Түркістан облысы білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» арасындағы ынтымақтастық негізінде, 2025 жылғы 17-28 ақпан аралығында «ОЙ-САНА» зияткерлік сайысын өткізуді жоспарлап отыр.

Бұл білім сайысы 10 жылдан бері өткізіліп келеді. Ата-аналар мен шәкірттердің өтінішіне сәйкес, кезекті сайыс **2025 жылдың 17 ақпанында**, 1-10 сынып оқушылары үшін, Akadem.kz порталында онлайн форматта басталады.

Ел болашағын қалыптастыратын дарынды шәкірттердің білімін шыңдау үшін, мектеп оқушыларының «ОЙ-САНА» зияткерлік сайысына қатысуына хатты ақпарат ретінде таратып, ықпал етуіңізді сұраймыз.

*(Сайыстың ережесі туралы қосымша 2)*

«Алтын Ұя» ғылым-білімді қолдау  
орталығының директоры:



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Орындаған: А.Әбдіқадырқызы  
+7 708 068 7000, zhebe.baspa@mail.ru

akadem.kz





# «ОЙ-САНА» зияткерлік сайысының ережесі

«ОЙ-САНА» зияткерлік сайысы – 1-10 сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылықтарын оята отырып, қабілеттерін айқындау, білімдерін тереңдету мақсатында өткізілетін үлкен жоба.

## САЙЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

5-10 сынып оқушылары – МАТЕМАТИКА, ҚАЗАҚ ТІЛІ, ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ, БИОЛОГИЯ, ФИЗИКА, ИНФОРМАТИКА, АҒЫЛШЫН ТІЛІ, ГЕОГРАФИЯ, ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ пәндерінен 20 сұрақ тест тапсырмаларын орындайды.

1-4 сыныптың оқушылары – МАТЕМАТИКА, пәнінен 20 сұрақ тест тапсырмаларын орындайды.

Қазақ сыныптары қатыса алады.

## ҰЙЫМДАСТЫРУ: ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ:

Қатысу үшін 17-28 ақпан аралығында- Akadem.kz порталына кіріп, «Тіркелу» батырмасын басып, тіркелу қажет. Ескерту: бұрын тіркелген оқушылар «Кіру» батырмасын басып, жеке кабинеттен (профиль) өз мәліметтерін жаңалауы керек.

Негізгі бетте, ОЛИМПИАДА сөзін басып, «Бастау» батырмасын басып, тест тапсырмаларын орындау қажет. Тапсырмаларды орындап болған соң, операторға ID номерін жіберу қажет. «Қабылданды» дегеннен соң, марапаттарды МЕНІҢ СЕРТИФИКАТТАРЫМ бөлімінен жүктеп аласыз.

## МАРАПАТТАУ

300 оқушысы қатысқан мектепке «Үздік мектеп» атты арнайы кубок табысталады.

Қатысқан оқушылар жинаған ұпайына сәйкес сертификат, ал жоғары балл жинаған оқушылар бас жүлде иегері медалімен және I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталады.

Бас жүлде алған оқушының жетекші мұғаліміне арнайы Грамота табысталады. Олимпиадаға 8-10 оқушысы қатысқан мұғалімдер Алғыс хатпен марапатталады.

### Бағалау шкаласы:

20 дұрыс жауап - **Бас жүлде;**

15 -19 дұрыс жауап - **I орын;**

10-14 дұрыс жауап - **II орын;**

7-9 дұрыс жауап - **III орын;**

0-6 дұрыс жауап - **сертификат.**

*Байланыстардың көптігіне орай, қоңырау бос болмай қалған жағдайда, күте тұрыңыз.*

*Немесе сұрағыңызды көрсетілген whatsapp нөміріне жазыңыз.*

